

# Егемен Қазақстан

 **Егемен.kz**

## Қойыртпак

«Өмірде адамдар осылай сөйлейді», деген уәжбен әр кейіпкер өзінің білген тілінде шүлдірлейтін фильмдер түсіріле бастады.



**Айтайын деп отырған мәселеміз екі нәрсе. Бірі – тіл де, ал екіншісі – қазақша фильмдер туралы. Белгілі түрколог ғалым Рахманқұл Бердібаев өзінің ана тілін білмейтін, білгісі де келмейтін, өз тарихын менсінбей өзгенің тарихын қызыға оқитын, білімді, жоғары лауазымды адамдарды көзқамандар деп атады. Сауатты, көзі ашық, бірақ өзінің тілі мен салт-дәстүрінен жұрдай мұндай жандар саналы түрде өз ұлтының мүддесіне қайшы әрекеттерге бара береді.**

Алайда, тек өз тілі мен ділінен ада адамдарды ұлт үшін зиянды элемент деп біржақты кесіп айту тағы дұрыс емес. Ал жалпы «көзқаман» атауы орыс отарында болған бұрынғы кеңестік кеңістіктегі халықтардың барлығына ортақ құбылыс болып саналғаны белгілі. Және оны бес-он жылда шешіле салатын шаруа десек, асығыстыққа көпе-көрінеу жол берген боламыз. Себебі, отарлау озбырлығы бір күнде, бір жылда орныға салмағаны мәлім. Ұлт қырандарын қынадай қырып, орысқа айналуға оп-оңай дайын тұрғандарды қолдап-қолпаштаған өктем саясат өкшесінің астында қазақтың тілі ғана емес, рухы, намысы жаншылып қалғаны қандай қасірет еді. Өйткені, өзінің ана тіліне мұрнын шүйіріп, менсінбей қарайтын қазақтар пайда болды. Ұлт мәселесіне байланысты сынаржақ пікірлерді алға тартып, орыс тілді қазақ, орыс тілді қырғыз, орыс тілді татар, т.т. осы сияқты қоғамды бір-бірі мен жақындатудың орнына алшақ тататын бөлінулер құлаққа сіңе бас тады. Бір қарағанда, мұнда тұрған ештеңе жоқ сияқты. Бірақ бұл бірлі-жарым жағдаймен шектелмей, жұрттың санасына қалыптасқан термин, атау ретінде қабылдана бастаса аяғы не болары белгісіз. Қазақ тілінің, тіпті, кей жерлерде жай мекемелердің есігінен сығалауға шамасы келмей қалғаны неткен сұмдық кезең еді. Мұндай келеңсіздікпен күрес Тәуелсіздік орнағаннан кейін қызу қолға алына бастады. Мысалы, Президент Жолдауындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясында қазақ тіліне айрықша көңіл бөлінуі бұл бағыттағы іске кең серпін беруде. Тәуелсіздік алғаннан бермен қарай қазақтың саны 11 миллионға жетіп, 65 пайыздан асыпты. «Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлеуге ұмтылса, тіліміз әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді», деді Елбасы. Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігін ескертіп, ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиістігін атап өтті. «Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, біз елімізді Қазақ Мемлекеті деп атайтын боламыз», деген сөз айналып келгенде ел мен халықтың тағдыры келешекте ана тілімен тікелей байланыста екендігін алақандағыдай айқын көрсетіп тұрған жоқ па? Тіл – адамның жаны, кескін-келбеті десек, яғни қазақтың жаны – қазақ тілінде, орыстың жан дүниесі – орыс, ал өзбектің рухы тек өзбек тілінде айқын көрініс таппақ. Тіл туралы қағиданың тұмары А.Байтұрсынов «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы мүмкін» деп қауіп етсе, Х.Досмұхамедов: «Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт... Ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, ол – күйініш. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлеу, бұл – сүйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате» деген екен. Әрине, мұндағы мақсат өзге тілден бас тарту, қазақ тіліне басқа тілдерді қарсы қою емес. Алайда, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін алуы мемлекетті мемлекет ететін басты фактордың бірі деп санағанымызбен, рухани құндылықтардағы тіл мәселесі күн тәртібіндегі өткір мәселеге айналып отыр. Қазақ тілінің шұрайын танытатын көркем шығармалардың өзі орыс тілін қоспаса басы ауыратын болды. Кейіпкерлер диалогтары ұзақ-сонар кейде орысша өріліп кетіп жатады. Қазақша атауларды орыс сөздерімен дәйектеп, түсіндіру әдеті жиі байқалады. Қазақ тілі мен орыс тілі туыстас, түбі бір тіл ме еді? Орысша түсінбейтін қазақ не істеуі керек сонда?

Ал енді бүгінгі әңгіменің негізгі арқауы – киноның тілі қандай деген сұраққа оралайық. Тілді қашанға дейін ойыншыққа айналдыра беруге болады? Ерлан Нұрмұхамбетовтің «Аңшы бала» фильмін көрдік. Ойы, идеясы тартымды. Балаларға

арналған отандық фильмдерге зәруміз. Осы реттен алғанда, бұл туынды балалар үшін үлкен олжа деп айтуға болады. «Менің атым Қожа» фильміне жету қайда, бірақ қызығып бір көруге тұратын фильм. Ақ атанға мініп аңшы баланы кәсіпке баулитын қария бейнесі тұшымды. Әйтсе де, әжептәуір көркем дүниені тілдің ала құлалығы бүлдіреді. Сөзіміз құрғақ болмас үшін мысал келтірейік. Аңшы бала мен кішкентай қыз баланың арасындағы әңгіменің сиқы мынадай: «Менің мамам мен папам жаз бойы поляда жұмыс істейді», «Биноклің жақсы ғой», «Қамбар, сен зоопаркке бардың ба?», «Андар клеткада тұрғаны қызық емес, далада ғана қызық», «Мен күреске және драмкружокқа барамын», «Қазір репетиция болып жатыр».

Қамбар – қала баласы. Сондықтан оның өз сөзіне ара-тұра орысша араластырып сөйлеуі заңды деп уәж айтатындар болуы мүмкін. Әрине, фильмдегі басты идея қалалық жасөспірімнің қазақ тіліне шорқақтығы туралы болса, мұндай тәуекелге бару соншалық өрескелдік туғыза қоймас еді. Алайда, мұндағы оқиға мүлде басқа. Сондықтан бұл арадағы «бинокль», «зоопарк», «поля», т.б. сөздерді ешнәрсе мен бүркемелей алмайсыз. Өмір бойы қазақша ойлап және осы тілде сөйлеп дағдыланған адам мұндай фильмдерді біраз көре бастағаннан кейін намыстанып өшіріп тастайды. Өйткені, тіл сауатсыздығы, тіл кемшілігі қазақша фильмдерге жиіркеніш сезімін туғызатын ең басты келеңсіздік. Соңғы кездері орысша араластырып сөйлеу экрандық туындылардағы қалыпты жағдайға айналып барады. Бұл ретте жартылай қазақша, жартылай орысша сөйлейтін «Ғашық жүрек немесе жұлдызды коктейль» фильмін, шынын айту керек, жұрт Мейрамбек Бесбаев, Мөлдір Әуелбекова, Айгүл Иманбаева сияқты эстрада саңлақтарының өнерін көру үшін тамашалауы мүмкін. «Сіз кімсіз Ка, мырзаны?» театр және кино саңлағы Асанәлі Әшімов үшін тамашалағанымыз сияқты, кейде фильмді халықтың бір сүйікті актеріне деген құрметпен көретіні өтірік емес. «Бір қызымнан бір қызым һәм сорақы» демекші, соңғы уақытта өңірлерде, облыс орталықтарында жекеменшік киностудиялар пайда бола бастады. Солардың бірі – «Ақ желкен» киностудиясы «Студенттік кез» атты фильм түсіріпті. Көркемдік деңгей деген нәрсені былай қойғанда, тілі мүлде сын көтермейді. Сол сияқты, «Қағаз ұшақ», «Бір тамшы жас» фильмдерінде де: «О, брат, бауырым», «Давай, брат», «а-ну-ка построимся, қыздар», «Я сколько раз говорю, где деньги. Будут деньги – будет операция», «Привет», «Братан, не проблема соншама», «Обязательно маңдайға жазылып қойды ма», «Жаптық теманы», «Ертең продукт алып үлгеру керек», деген тәрізді тізе беруге ұят былдыр-шатпақ сөздер өріп жүр. Киносы жаңадан ғана тәй-тәй басқан қазақ үшін мүмкін мұндай алғашқы сәтсіздіктерге көз жұма қараған дұрыс шығар. Солай болғанмен мұндай шүлдірлек фильм дердің өсіп келе жатқан өске лең ұрпаққа, жай қарапайым халыққа қандай тәрбиелік мәні бола тынын назардан тыс қалдыру тағы жарамайды.

Қазіргі жастар көп сөзді, қызық тіркестерді кинодан үйренеді. Барлық нәрсе кинодан жұғады. Демек, киноның тілі өте тез жатталады, санаға тез сіңеді. Қоғамға қатты әсер етеді. Мысалы, «Жаралы сезім» фильмін көп адам тамашалапты. Ғаламторда бұл туралы біраз пікірлер жүр. Соның ішінде Көз атты көрермен: «...Көзі қараңғы оқымаған-тоқымаған жігіттер қалай білдей бір фирманы басқарады. Жастарға оларды неге үлгі етіп көрсетеді? Режиссерлерді түсіне алмадым. Тәрбиелік мәні қайда? Кезінде арзанқол газеттер сатылған Шымқалада енді татымы жоқ фильмдер көбейе бастады. Қадағалау керек...» деп жазыпты. Қадағалау демекші, заңға қайшы әрекеттерге бой алдырған кез келген нәрсе жабылады, жауап береді, тәртіпке келтіріледі. Тілге шабуыл, тілді қорлау – бұл да заңсыздық. Ендеше, қазақтың тілін аяқасты еткен студиялар өз өнімдері үшін жауап берулері керек. Өкінішке қарай, кино мамандарының өзі кейде екі түрлі ойды алға тартады. Бірі аралас тілді фильмді тілге қиянат деп есептесе, екінші тарабы «біз өмірдің шынайы көрінісін көрсеткіміз келеді» деген қисынды алға тартады. Киноның теңдессіз психологиялық-идеологиялық қару екенін ежелден дүние жүзі мойындап қойған. Соған қарамастан бізде осындай келеңсіз жайттар кең етек жайып отыр. Ана тілге құрметті азайтатын мұндай өрескел қателіктерді қазір жоймасак, нәтижесі өкінішке әкеліп соғады.

Дүкендердегі дискілер бірте-бірте қолданыстан қалады, ешкім сатып алмайды. Қазір таңдаған фильміңізді ғаламтор арқылы тамашалай аласыз. Тиімді, ұтымды. Себебі, мұнда уақытыңызды ұрлайтын жарнама жоқ. Міне, сол интернетті ашсаңыз шетелдің, Ресейдің кез келген киносын емінеркін көре бересіз. Орыс тілінде. Интернет тұтынушылардың дені жастар екенін ескерсек, бұл торға алдымен топ етіп түсетін де солар. Айтайын дегеніміз, қазақша фильмдердің осы жағынан да соры қайнап жатыр. Қазақ тіліндегі туындыларды сағаттап отырып іздейсіз. Таба қалған жағдайда, көбі орыс тілінде. Өмірдің қайнар көзіне айналған жаңа арнадан ана тіліміздің айдынын кеңейтетін жол іздесек, қанеки.

Қазақты жатып ішер, жалқау, бойкүйез, маскүнем етіп көрсететін, тозығы жеткен Мәдениет үйлері мен қираған ғимаратқа, жұпыны тұрмыс пен киіз үйдегі күйбең тірлікке таңған фильмдер қаптап кеткен болатын. Аяғынан жаңадан тік тұрып келе жатқан жас мемлекет үшін ондай саны бар да, сапасы төмен картиналар санаға кереғар ойлар тудыратыны кейін қатты сыналды. Өзінді өзің осыншама сорлы, бейшара кейіпте бейнелеуге не мәжбүрледі деген сұрақ туды. Кейін шетелде Қазақстанды қорлайтын «Борат» фильмі жарық көргенде, намыстанып өртенге жаздағанымыз тағы рас. Алайда, қорлайтын қораш сарын толық жойылып бітті деу ерте. Ресейлік стильге еліктеудеміз. Детектив, шым-шытырық оқиғалы фильмдер түсіруге тәуекел жасалуда. Түрлі сериалдар көбейе бастады. Түріктің, корейдің телехикаялары ұлттық арнадан аластатылды. Төл арнадан тек төл туындыларға орын берілуде. «Қазақстан» ұлттық арнасына рахмет, киногерлермен біраз жобаларды бірігіп әзірлеуде. Қазақ тілінде дүниеге келген әр фильм, телехикая үшін қосылып сүйінші сұрап жатамыз. Бар нәрсені, жасалып жатқан жақсыны көрмеу тағы дұрыс емес. Бірақ әңгіме тілге тірелгенде, тірнектей нәрсеге дейін айтылуы керек. Қазақ телехикаяларындағы кей актерлердің сөздері шынайы емес, олар тілі жаңадан шығып келе жатқан жас бала сияқты әзер қазақша сөйлеп тұрады. Тілдері буылып, түйіліп қалады. Сөз бен іс қабыспай тұрған сериалдан еріксіз бас тартуға мәжбүрсің. Ал енді мұндай тілі мүкіс дүниелер қашанға дейін жалғаса береді, бұл өз алдына бөлек мәселе. «Ағайынды» телехикаясын көрермен өте жылы қабылдады. Әттең, «өмірде адамдар осылай сөйлейді екен» деген ұстанымның салдарынан бұл туынды таза қазақша болмай қалды. «Ертең звондаймын деді», «Сен огородтың суын өшіре сал», «так и сделаем», «хорошо, понятно», «давай», «деньги забрал, ты, главный занимайся», «ты что, братишка?», мұндай мысалдар жеткілікті.

Студиялардың жекесі бар, мемлекеттігі бар қай-қайсысы болсын ойларына келгенін түсіріп, ойларына келгенін сөйлеуіне кім құқық берді? Кино ең алдымен, тәрбие құралы болып саналады. Тәрбие құралы емес, көңіл көтеріп, рухани ләззат алатын ғана нәрсе деп айтып көріңізші. Ал сол тәрбиенің тілі ала-құла, бөгде тілмен шұбарланып жатса, не істеу керек? Ұлттық мүддеге қайшы келетін қай нәрсемен де аяусыз күресу керек. Әдетте, кино туралы әңгіме қозғалғанда, Отанға деген патриотизмді оятатын, қазақ боп дүниеге келгеніңе, ұлтыңа мақтаныш сезімін ұялататын фильмдер көптеп түсірілсе деген ой алғашқы орында тұрады. Осыған толық жауап бермегенмен, сәл жуықтайтын бірлі-жарым фильмдер бар. Соның бірі, көпке дейін көптің аузынан түспеген – «Жаужүрек мың бала» фильмі. Бұл картина «қазақтар кино түсіре алмайды» дегеннің сыңаржақ айтылған пікір екенін ескерткендей. Алайда, қазақ киносы айтарлықтай керемет болса неге олардың арасында Джеки Чан, Стивен Сигал, Сильвестр Сталлоне, Арнольд Шварценеггер, Жан-Клод Ван Дамм, Антонио Бандерас сияқты танымал тұлға жоқ деген сұрақ туады. Ауылдың қара сирақ баласынан: «Үлкейгенде кімге ұқсағың келеді?» деп сұрасаң: «Өскенде Шварценеггер сияқты батыр болғым келеді», деп қиялға батар еді. Киноның өзге өнерге қарағанда мүмкіндіктері шексіз екенін осындай мысалдар айқын көрсетіп береді. Жалпыхалықтық сүйікті бейнелерге айналған мұндай батыл тұлғалар өз актерлеріміздің арасынан өсіп жетілетін кез жетті. Десе де, киноның шын бағасын беретін қашанда – халық. «Жаужүрек мың баладағы» бір ғана рөлімен көрермен сүйіспеншілігіне бөленген өндіредей жас актерлер Асылхан Төлепов пен Аян Өтепбергенді жұрт келешекте

сондай жұлдыздар шоғырына қосылады деп үміттенеді. Әзірге ол – алыстағы арман. Ол үшін қазақ киносын қазақтың өзі таласып көруге ұмтылатын кезге жету керек. Әзірге кинотеатрларға жұрт жаппай кіріп жатыр деп айта алмайсыз, залдарда тек жастардың ғана басы қылтияды.

Кеңес Одағы сынды тұла бойы тұнған қару ұлы империяны оқсыз құлатқан не нәрсе? Идеологиялық майдан. Ақыл-ойдың ағынын кеңестік уыс ұзақ қысып ұстап тұра алмай қалды. Отандық туындыларды телеарналар мен кинотеатрларда шетелдік дүниелер тықсырып, бұрышқа тықты. «Байтал түгіл, бас қайғы» заманда қазақ фильмдерінің тағдырын ойлауға ешкімнің шамасы келген жоқ. Шетелдік кинолар топан судай қаптап, сананы улады. Өткен жылдарға көз жүгіртсеңіз, шетелдің киносы десе делебесі қозып, кинотеатрларға қарай ағылатын қауым еріксіз еске түседі. Американ, үнді, орыс фильмдері шекараны бұзып-жарып, баса-көктеп енді. Мұны айтып отырғандағы ойымыз, кино өнері қай қоғамда болсын идеологияға қызмет етеді. Қазір қазақ киносы қай идеологияға қызмет етіп жатыр деген тұрғыдан келетін болсақ, құлдық сананың құлпын ашқан «Жаужүрек мың бала» сияқты азат фильмдердің санын көбейту керек деп санаймыз. Бір ғажабы, мұның орыс тіліндегісіне қарағанда, қазақ тіліндегі нұсқасына сұраныс көп түскен. Ендеше, бұл фильм ана тіліміздің дамуына да айтарлықтай үлес қоса алған бірден-бір картина екені даусыз.

Бұл жағынан «Адмирал» фильмі арқылы Колчакты ержүрек, елін сүйген патриот етіп танытқан орыстардан, «Штайнер» фильмінде фельдфебель Штайнердің ерлігін паш еткен немістерден, «Тали-Иханталада» екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан солдаттардың ерлігін үлгі еткен финдерден үйренетін нәрсе көп. Осы дүниелер өздерінің ана тілдерінде жарық көргендіктен сол халықтың жан дүниесіндегі бояулар өте шынайылықпен бейнеленеді. Сондықтан төл киноны тек қазақ тілінде түсіретін уақыт әлдеқашан жетті. Орысша түсірмесе қазақ киносын ешкім көрмей қояды деген сыңаржақ ойдан арылу керек. Фильмде екінші, ресми тілді жүгіртпе жолдар арқылы титрда беріп отыратын әлемдік тәжірибелер бар емес пе? Неге осындай амалдарды пайдаланбасқа. Бұл талап орындалмастай қиын да емес. Ол үшін режиссерлердің толыққанды жұмыс істеуіне мүмкіндіктер жетерлік деп есептейміз.

Тәуелсіздік шуағы төгілгелі 22 жылға айналып барады. Қарасаңыз, бір адамның жастығына барабар уақыт. Бірақ соған қарамастан қазақ киносының тілдік проблемасы әлі күнге өткір қалпында қалып отыр. Біз бүгін осы мәселенің бір қырына ғана тоқталдық. Аралас тілді фильмдердің абырой әпермесін айттық. Қазақ тілінің қанатын қайырмайық деп дабыл қақтық. Бұл арада ұлты бір әр кейіпкер әр тілде сөйлейтін фильмдерді, тіпті, ауызға алып та отырған жоқпыз. Мұның өзі өнердің шарттылығына, оның төл табиғатына атымен жат нәрсе екені мәлім.

Тағы да құжатқа жүгініп ой түйіндесек, «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту» делінген. Осы дамыту дегеніміз сірә, тіл тазалығын сақтау болса керекті. Кино – өнер. Ал өнердің тілі мөлдір бастаудай тап-таза болуы керек емес пе? «Адамдар өмір де осылай сөйлейді екен» деп, әдебиетті, сахналық туындыны, киноны қарабайыр тұрмыстың тіліне байлап берсек, ол қалай көркем дүние атына лайық болмақ? Қайта керісінше, өнеге, өрнек сонда емес пе? Тіліміз барда – тіріміз.

Қарашаш ТОҚСАНБАЙ